Қазақша	Русский
«Qamqor Pay» ЖШС директорының 23.09.2026 ж. № 08-ОД бұйрығымен **бекітілген**	Утверждено Приказом Директора ТОО «Qamqor Pay» **№ 08-ОД от 23.09.2026 г.**
Қызметтер көрсету туралы оферта	**Оферта на оказание услуг**
Алматы қ.	г. Алматы
Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «Qamqor Pay» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Ракымжанов Ж.М. бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын жеке тұлғаға төменде келтірілген талаптармен төлем сервисі шеңберінде есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасуды ұсынады. Төменде келтірілген талаптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес Тапсырыс берушілерге арналған оферта (бұдан әрі – Оферта) болып табылады. Оферта, сондай-ақ оған кейіннен енгізілетін барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар https://koina.kz/ мекенжайындағы интернет-сайтта орналастырылады.	ТОО «Qamqor Pay», именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Директора Ракымжанова Ж.М., действующего на основании Устава, предлагает физическому лицу, именуемому в дальнейшем «Заказчик», заключить договор на оказание услуг по обеспечению информационного и технологического взаимодействия между участниками расчетов в рамках платежного сервиса (далее – Договор) на условиях, приведенных ниже. Условия, приведенные ниже, в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан являются Офертой, адресованной Заказчикам (далее – Оферта). Оферта, а также все последующие изменения и/или дополнения к ней размещаются на Интернет-сайте по адресу: https://koina.kz/
Орындаушы туралы ақпарат	**Информация об Исполнителе**
Орындаушы – төлем ұйымдарының тізілімінде № 02-26-223 тіркеу нөмірімен тіркелген «Qamqor Pay» ЖШС төлем ұйымы.	Исполнителем является платежная организация ТОО «Qamqor Pay», зарегистрированная в реестре платежных организаций за регистрационным номером № 02-26-223.
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 247А үй. Веб-сайт: https://koina.kz/	Местонахождение: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Розыбакиева, дом 247А. Веб-сайт: https://koina.kz/
Телефон нөмірі: +7 708 766 90 40. Электрондық пошта: info@koina.kz	Номер телефона: +7 708 766 90 40. Электронная почта: info@koina.kz

Қазақша	Русский
Тауар белгілері логотиптер және өзге нышандар	**Товарные знаки логотипы и иная символика**
	
1. Терминдер мен анықтамалар	**1. Термины и определения**
1.1. Жария оферта – тұлғалардың белгісіз тобына арналған және шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын, оференттің, осы жағдайда Орындаушының, ұсыныста көрсетілген талаптармен үн қатқан кез келген тұлғамен шарт жасасуға еркі байқалатын ұсыныс.	1.1. Публичная Оферта - адресованное неопределенному кругу лиц и содержащее все существенные условия договора предложение, из которого усматривается воля оферента, в данном случае Исполнителя, заключить договор на указанных в предложении условиях с любым, кто отзовется.
1.2. Акцепт – оферта жолданған тұлғаның оны қабылдағаны туралы жауабы. Акцепт – төлем жасауға келісім. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцепт толық әрі сөзсіз болуға тиіс.	1.2. Акцепт - ответ лица, которому адресована оферта, о её принятии. Акцепт — согласие на оплату. По законодательству Республики Казахстан акцепт должен быть полным и безоговорочным.
Осы Оферта талаптарын сөзсіз қабылдау (акцепт) деп Орындаушының қосымшасы/сервисі арқылы Тапсырыс беруші, Эквайер банк және Эмитент банк арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету туралы тиісті шартты жасасу есептеледі.	Безусловным принятием (акцептом) условий настоящей Оферты считается заключение соответствующего договора на оказание услуг по обеспечению информационного и технологического взаимодействия между Заказчиком, Банком-эквайером и банком-эмитентом с помощью приложения/сервиса Исполнителя.
1.3. Қызметтер – Тапсырыс беруші, Қызметтерді жеткізуші, Эквайер банк және Эмитент банк (егер төлем банк картасын пайдалану арқылы жасалса), Электрондық ақша жүйесінің операторы (егер төлем электрондық ақшаны пайдалану арқылы жасалса) арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.	1.3. Услуги - обеспечение информационного и технологического взаимодействия между Заказчиком, Поставщиком услуг, Банком-эквайером и банком-эмитентом (в случае если платеж совершается с использованием банковской карты), Оператором системы электронных денег (если платеж совершается с использованием электронных денег).
1.4. Эквайер банк – Сервисті пайдалану арқылы жасалатын операциялар бойынша Төлемдерді алушылармен есеп айырысуды жүзеге асыратын банк.	1.4. Банк-эквайер — банк, осуществляющий расчёты с Получателями платежей по операциям, совершаемым с использованием Сервиса.
1.5. Эмитент банк – Тапсырыс берушінің банк картасын шығарған (эмиссиялаған) және ол Сервисті пайдаланған кезде оның шотынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асыратын банк.	1.5. Банк-эмитент — банк, выпустивший (эмитировавший) банковскую карту Заказчика и осуществляющий списание денежных средств со счёта Заказчика при использовании последним сервиса.

Қазақша	Русский
1.6. Банк картасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына және Эмитент банкпен жасалған шартқа сәйкес Ұстаушының/Тапсырыс берушінің Эмитент банктегі шотында тұрған ақшаға немесе осы банк беретін кредит есебінен операциялар жасауына арналған MasterCard, VISA, Maestro және басқа халықаралық төлем жүйелерінің банк картасы.	1.6. Банковская карта — банковская карта международной платёжной системы MasterCard, VISA, Maestro и др., предназначенная для совершения Держателем/Заказчиком операций с денежными средствами, находящимися на счёте Держателя/Заказчика в Банке-эмитенте, или за счёт предоставляемого им кредита, в соответствии с законодательством Республики Казахстан и договором с Банком-эмитентом.
1.7. Электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйенің басқа қатысушылары төлем құралы ретінде қабылдайтын Электрондық ақша эмитентінің сөзсіз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.	1.7. Электронные деньги - безусловные и безотзывные денежные обязательства Эмитента электронных денег, хранящиеся в электронной форме и принимаемые в качестве средства платежа в системе электронных денег другими участниками системы.
1.8. Электрондық ақша жүйесі (ЭАЖ) – электрондық ақша жүйесі операторының электрондық ақша эмитентімен және (немесе) электрондық ақша иелерімен өзара іс-қимылы арқылы электрондық ақшаны пайдалана отырып төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы.	1.8. Система электронных денег (СЭД) - совокупность программно-технических средств, документации и организационно-технических мероприятий, обеспечивающих осуществление платежей и иных операций с использованием электронных денег путем взаимодействия оператора системы электронных денег с эмитентом электронных денег и (или) владельцами электронных денег.
1.9. Электрондық ақша жүйесінің қатысушысы – жасалған шартқа сәйкес белгілі бір электрондық ақша жүйесі шеңберінде электрондық ақшаны шығару, беру, қабылдау, пайдалану, сатып алу, өткізу немесе өтеу жөніндегі құқығы не міндеттемесі туындайтын жеке немесе заңды тұлға.	1.9. Участник системы электронных денег - физическое или юридическое лицо, у которого в соответствии с заключенным договором возникает право или обязательство по выпуску, передаче, приему, использованию, приобретению, реализации или погашению электронных денег в рамках определенной системы электронных денег.
1.10. Электрондық ақша жүйесінің операторы – электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалану арқылы операциялар жасалған кезде қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған шартқа сәйкес электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын айқындайтын банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем ұйымы.	1.10. Оператор системы электронных денег - банк, организация, осуществляющая отдельные виды банковских операций, или платежная организация, обеспечивающие функционирование системы электронных денег, включая сбор, обработку и передачу информации, формируемой при осуществлении операций с использованием электронных денег, а также определяющие правила функционирования системы электронных денег в соответствии с договором, заключенным с эмитентом (эмитентами) электронных денег.

Қазақша	Русский
1.11. Электрондық ақша эмитенті (бұдан әрі – эмитент) – «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық ақшаны шығаруға және өтеуге құқығы бар төлем қызметтерін көрсетуші.	1.11. Эмитент электронных денег (далее – эмитент) – поставщик платежных услуг, имеющий в соответствии с Законом Республики Казахстан «О платежах и платежных системах» право на выпуск и погашение электронных денег.
1.12. Тапсырыс беруші – Сервисті пайдалана отырып, өзінің банк картасынан және/немесе электрондық ақша жүйесінде тіркелген өзінің электрондық әмиянынан төлем жасайтын жеке тұлға. Банк картасын ұстаушы және/немесе электрондық әмиян иесі болып табылатын жеке тұлға Тапсырыс беруші бола алады.	1.12. Заказчик - физическое лицо, совершающее платеж с собственной банковской карты с использованием Сервиса и/или с собственного электронного кошелька, зарегистрированного в системе электронных денег. Заказчиком может выступать физическое лицо, держатель Банковской карты и/или владелец электронного кошелька.
1.13. Қосымша – Тапсырыс берушіге Сервисті пайдалана отырып төлем операцияларын жасауға мүмкіндік беретін Орындаушының бағдарламалық қамтылымы.	1.13. Приложение — программное обеспечение Исполнителя, позволяющее Заказчику совершать платёжные операции, используя Сервис.
1.14. Төлем – Тапсырыс берушінің Банк картасынан, электрондық ақша жүйесінде тіркелген электрондық әмиянынан Қызметтерді жеткізушінің пайдасына ақша аудару.	1.14. Платеж — перевод денежных средств с Банковской карты Заказчика, электронного кошелька Заказчика, зарегистрированного в системе электронных денег в пользу Поставщика услуг.
1.15. Қызметтерді жеткізуші – халыққа қызмет көрсететін және Тапсырыс беруші Сервисті пайдалана отырып пайдасына төлемдер жасай алатын заңды тұлға/дара кәсіпкер.	1.15. Поставщик услуг - юридическое лицо/индивидуальный предприниматель, оказывающий услуги населению, в пользу которого Заказчик может совершать платежи с использованием Сервиса.
1.16. Төлем сервисі – Есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған, Тапсырыс берушіге өзінің Банк картасын және/немесе электрондық ақша жүйесіндегі электрондық әмиянында тұрған электрондық ақшаны пайдалана отырып, Қызметтерді жеткізушінің қызметтерін төлеуге мүмкіндік беретін Орындаушының бағдарламалық қамтылымы. Сервис Интернет желісінде және Орындаушы қызметтер көрсету үшін пайдаланатын мобильді қосымшаларда қолжетімді болуы мүмкін.	1.16. Платежный сервис — программное обеспечение Исполнителя по обеспечению информационного и технологического взаимодействия между Участниками расчётов, предоставляющее Заказчику возможность оплаты услуг поставщика с использованием Банковской карты Заказчика и/или с использованием электронных денег, находящихся на электронном кошельке Заказчика в системе электронных денег. Сервис может быть доступен в сети Интернет, в мобильных приложениях, используемых Исполнителем для оказания услуг.
1.17. Есеп айырысуға қатысушылар – Тапсырыс беруші, Қызметтерді жеткізуші, Эквайер банк, Эмитент банк, Электрондық ақша жүйелерінің операторлары, Электрондық ақша эмитенттері.	1.17. Участники расчётов — Заказчик, Поставщик услуг, Банк-эквайер, Банк-эмитент, Операторы систем электронных денег, Эмитенты электронных денег.

Қазақша	Русский
2. Офертаның нысанасы	**2. Предмет оферты**
2.1. Осы Оферта шарты бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Оферта шартында белгіленген талаптармен Төлем сервисі (бұдан әрі – Сервис) арқылы есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді ақылы негізде көрсетеді.	2.1. По настоящему Договору-оферте Исполнитель предоставляет Заказчику на возмездной основе услуги по обеспечению информационного и технологического взаимодействия между участниками расчетов с помощью Платежного сервиса (далее по тексту - Сервис) на условиях, установленных в настоящем Договоре-оферте.
2.2. Оферта шартында көрсетілген Қызметтер осы Шартта айқындалған талаптар мен ережелер қабылданған, сақталған және Тараптардың Оферта шарты бойынша қатынастарына қолданылған жағдайда көрсетіледі.	2.2. Услуги, указанные в Договоре-оферте, оказываются при условии принятия, соблюдения и применения к отношениям Сторон по Договору-оферте требований и положений, определенных настоящим Договором.
2.3. Осы Шарт Тапсырыс беруші Оферта талаптарын қабылдаған және/немесе Сервисті пайдалана отырып төлем жасаған жағдайда жасалған болып есептеледі. Тапсырыс берушінің Оферта шартының талаптарын қабылдауы, сол сияқты төлем жасауы Орындаушының осы Офертасының толық әрі сөзсіз акцепті болып табылады. Тапсырыс берушінің осы Шартты акцептеуі оның Клиенттік интерфейсте тіркеген электрондық пошта мекенжайына, абоненттік нөміріне жарнама, яғни тұлғалардың белгісіз тобына арналған және жарнамалау объектісіне назар аударуға, оған қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және оны нарықта ілгерілетуге бағытталған, оның ішінде SMS-хабарламалар, дауыстық хабарламалар, PUSH-хабарламалар түрінде таратылатын ақпарат алуға келісім беретінін білдіреді; сондай-ақ ол анықтамалық немесе ойын-сауық сипатындағы өзге ақпаратты алуға келісім береді.	2.3. Настоящий Договор считается заключенным в случае принятия Заказчиком условий Оферты и/или совершения Заказчиком платежа с использованием Сервиса. Принятие Заказчиком условий Договора-оферты, а равно совершение Заказчиком платежа является полным и безоговорочным акцептом настоящей Оферты Исполнителя. Акцепт Заказчиком настоящего договора означает, что Заказчик дает свое согласие на получение на свой адрес электронной почты, абонентский номер, зарегистрированные им в Клиентском интерфейсе, рекламы, то есть информации, распространенной в том числе в форме SMS-сообщений, голосовых сообщений, PUSH-сообщений, адресованной неопределенному кругу лиц и направленной на привлечение внимания к объекту рекламирования, формирование или поддержание интереса к нему и его продвижение на рынке; а также дает свое согласие на получение иной информации справочного или развлекательного характера.
2.4. Орындаушының атауы мен заңды деректемелері осы Оферта шартының 6-бөлімінде көрсетілген.	2.4. Наименование и юридические реквизиты Исполнителя указаны в разделе 6 настоящего Договора-оферты.
2.5. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңына сәйкес Тапсырыс беруші Шарт жасаса отырып, Орындаушыға тізбесі Талаптарда айқындалған өзінің дербес деректерін өңдеуге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге, яғни Шартты жасасу және орындау мақсатында аталған Заңның 7, 8 және 15-баптарына сәйкес дербес деректермен әрекеттер жасауға келісім береді. Осы келісім Шарт жасалған сәттен бастап жазбаша түрде кері қайтарып алынған күнге дейін қолданылады.	2.5. В соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 мая 2013 года «О персональных данных и их защите» Заказчик, заключая Договор, дает согласие Исполнителю на обработку, а также на передачу третьим лицам своих персональных данных, перечень которых определен Условиями, то есть на совершение действий с персональными данными в соответствии со статьями 7, 8 и 15 указанного Закона в целях заключения и исполнения Договора. Настоящее согласие действует с момента заключения Договора до дня отзыва в письменном виде.

Қазақша	Русский
3. Тапсырыс берушінің әрекеттері	**3. Действия Заказчика**
3.1. Тапсырыс берушінің Орындаушы Сервисін пайдалану жөніндегі әрекеттері конклюденттік әрекеттер жасау арқылы Орындаушы Офертасының толық әрі сөзсіз акцепті ретінде қарастырылады. Тапсырыс берушінің Сервисті пайдалануының әрбір фактісі Офертада көрсетілген талаптармен жасалатын Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы жеке мәміле болып табылады.	3.1. Действия Заказчика по использованию сервиса Исполнителя рассматриваются как полный и безоговорочный акцепт Оферты Исполнителя путем совершения конклюдентных действий. Каждый факт использования сервиса Заказчиком является отдельной сделкой между Заказчиком и Исполнителем, совершаемой на указанных в Оферте условиях.
3.2. Тапсырыс беруші осы Оферта талаптарын зерделеуге және сақтауға міндетті. Тапсырыс берушінің Офертада көзделмеген әрекеттерді жасауы Орындаушының Қызметтер көрсету жөніндегі міндеттемелерінің туындауына негіз бола алмайды. Оферта талаптарымен келіспеген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынатын Сервистің сипаттамаларында көзделген де, көзделмеген де кез келген әрекеттерді жасау үшін Сервисті пайдалануға құқылы емес.	3.2. Заказчик обязан изучить и соблюдать условия настоящей Оферты. Совершение Заказчиком действий, не предусмотренных офертой, не может являться основанием для возникновения у Исполнителя обязательств по оказанию Услуг. В случае несогласия с условиями Оферты Заказчик не вправе использовать Сервис для совершения любых действий, как предусмотренных, так и не предусмотренных характеристиками предлагаемого Исполнителем Сервиса.
3.3. Сервисте авторизациядан өтудің, оны пайдаланудың және Сервис арқылы қызметтерді төлеудің әрбір жағдайы Тапсырыс берушінің Төлемді жүзеге асыру туралы өкімі болып табылатын құжатқа қол қоюымен бірге жүреді.	3.3. Каждый случай авторизации и использования Сервиса, оплаты услуг с использованием Сервиса сопровождается подписанием Заказчиком документа, являющегося распоряжением Заказчика об осуществлении Платежа.
3.4. Тапсырыс берушінің Сервисті пайдалана отырып жасайтын төлемдерін авторизациялау/аутентификациялау тәртібін Тапсырыс берушінің тиісті төлемі бойынша есеп айырысуға тікелей қатысушылар айқындайды.	3.4. Порядок авторизации/аутентификации платежей Заказчика, совершаемых с использованием Сервиса, определяется непосредственными участниками расчетов по соответствующему платежу Заказчика.
4. Қызметтердің құны	**4. Стоимость услуг**
4.1. Қызметтердің құнын Орындаушы Тапсырыс беруші Сервис интерфейсінде көрсеткен төлем сомасына қатысты тіркелген мөлшерде және/немесе пайыздық қатынаста айқындайды және Тапсырыс беруші таңдаған төлем құралына қарай Сервистің интернет-сайтындағы «Тарифтер» бөлімінде ақпарат орналастыру арқылы және/немесе төлемді жүзеге асыру алдында тікелей Тапсырыс берушінің назарына жеткізеді.	4.1. Стоимость Услуг определяется Исполнителем в фиксированном и/или процентном соотношении от суммы совершаемого Заказчиком платежа, указанной Заказчиком в интерфейсе Сервиса, и доводится до Заказчика путем размещения информации на интернет-сайте Сервиса в разделе «Тарифы» и/или непосредственно перед осуществлением платежа в зависимости от выбранного Заказчиком инструмента платежа.

Қазақша	Русский
4.2. Орындаушының Қызметтеріне ақы төлеу Орындаушының, Эквайер банктің, Электрондық ақша жүйесі операторының Тапсырыс беруші Сервисті пайдалана отырып төлейтін сомалардан (сомалардан тыс) Қызметтер құнын ұстап қалуы арқылы жүзеге асырылады.	4.2. Оплата Услуг Исполнителя производится путем удержания Исполнителем, Банком-эквайером, Оператором системы электронных денег стоимости Услуг из сумм (сверх сумм), оплачиваемых Заказчиком с использованием Сервиса.
4.3. Қызметтерді жеткізушінің пайдасына төлем жасау және Орындаушының Қызметтеріне ақы төлеу фактісі Сервисті Интернет желісінде, сондай-ақ мобильді қосымшаларда пайдаланған кезде электрондық чек беру не осы электрондық чекті Тапсырыс берушінің электрондық пошта мекенжайына (егер ол мекенжайын көрсетсе) жіберу арқылы, сондай-ақ Тапсырыс беруші көрсеткен мобильді телефон нөміріне (төлем сомасы мен Орындаушы қызметтерінің құнын көрсете отырып) SMS-хабарлама жолдау арқылы автоматты режимде расталады.	4.3. Факт совершения платежа в пользу Поставщика услуг и оплаты Услуг Исполнителя подтверждается в автоматическом режиме путем выдачи электронного чека либо путем отправки данного электронного чека на адрес электронной почты Заказчика (если Заказчик указал адрес) при пользовании Сервисом в сети Интернет, а также в мобильных приложениях, путем направления SMS-сообщения (с указанием суммы платежа и стоимости услуг Исполнителя) на указанный Заказчиком номер мобильного телефона.
5. Ерекше талаптар	**5. Особые условия**
5.1. Орындаушы Сервистің жұмысында, сондай-ақ Эквайер банктің және/немесе Эмитент банктің, электрондық ақша жүйелері операторларының бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмысында, сыртқы деректер беру желілерінде және т.б. іркілістер болған кезде Қызметтер көрсетуді уақытша тоқтатуға құқылы.	5.1. Исполнитель имеет право временно прекратить оказание Услуг при сбоях в работе сервиса, а также сбоях в работе программно-технических средств банка-эквайера и/или банка-эмитента, операторов систем электронных денег, внешних сетях передачи данных и т.д.
5.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге Сервисті пайдалану салдарынан келтірілген тікелей немесе жанама залал үшін жауап бермейді. Орындаушы Эквайер банктің және/немесе Эмитент банктің, электрондық ақша жүйелері операторларының бағдарламалық-техникалық кешендерінде/құралдарында, сыртқы деректер беру желілерінде, сондай-ақ Орындаушының Сервисі мен бағдарламалық-техникалық құралдарында іркілістер болған жағдайда Қызметтер көрсетудегі үзілістер үшін жауап бермейді. Орындаушы жабдықты, бағдарламалық қамтылымды ауыстыруға немесе бағдарламалық және/немесе аппараттық қамтылымның жұмысқа қабілеттілігін сақтау және оны жаңғырту қажеттілігінен туындаған басқа жұмыстарды жүргізуге байланысты Қызметтер көрсетудегі толық немесе ішінара үзілістер үшін жауап бермейді.	5.2. Исполнитель не несет ответственности за прямой или косвенный ущерб, возникший у Заказчика вследствие пользования Сервисом. Исполнитель не несет ответственности за перерывы в предоставлении Услуг в случае сбоев в программно-технических комплексах/средствах банка-эквайера и/или банка-эмитента, операторов систем электронных денег, внешних сетях передачи данных, а также в сервисе и программно-технических средствах Исполнителя. Исполнитель не несет ответственности за полные или частичные перерывы в предоставлении Услуг, связанные с заменой оборудования, программного обеспечения или проведением других работ, вызванных необходимостью поддержания работоспособности и модернизации программного и/или аппаратного обеспечения.

Қазақша	Русский
5.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің Қызметтерді жеткізушімен жасасқан мәмілелерінің заңдылығын, олардың талаптарын, сондай-ақ мәмілені жасасу, орындау және бұзу фактісі мен салдарын, оның ішінде мұндай мәміле бойынша төлемді қайтару бөлігінде реттемейді және бақыламайды. Сондай-ақ Орындаушы Тапсырыс берушінің Жеткізушілердің мәміле бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде Тапсырыс берушіге Тауар беру/қызметтер көрсету міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) қатысты наразылықтарын қарамайды.	5.3. Исполнитель не регулирует и не контролирует правомочность сделок Заказчика с Поставщиком услуг, их условия, а равно факт и последствия заключения, исполнения и расторжения сделки, в том числе в части возврата оплаты по такой сделке. Также Исполнитель не рассматривает претензии Заказчика, касающиеся неисполнения (ненадлежащего исполнения) Поставщиками своих обязательств по сделке, в том числе обязательств по передаче Товара/оказанию услуг Заказчику.
5.4. Тапсырыс беруші чек алған күннен бастап үш күннен кешіктірмей Қызметтер көрсету сапасы мен мерзімдеріне байланысты наразылықтарды Орындаушыға жазбаша нысанда ұсынуға құқылы. Орындаушының наразылықтарды қарау мерзімі Тапсырыс берушіден наразылық алынған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайды.	5.4. Заказчик вправе предъявлять Исполнителю претензии в письменной форме, связанные с качеством и сроками оказания Услуг, не позднее трех дней с даты получения чека. Срок рассмотрения претензий Исполнителем составляет не более десяти календарных дней с даты получения претензии от Заказчика.
5.5. Орындаушы қызметтер көрсету талаптарын өзгерте алады және оларды Тапсырыс беруші Сервисті пайдалана отырып төлемдер жасағанға дейін оның назарына жеткізеді.	5.5. Условия предоставления услуг могут изменяться Исполнителем и доводятся до сведения Заказчика до момента совершения последним платежей с использованием Сервиса.
5.6. Осы Оферта заң күші тең қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Тілдер арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тілінде жасалған Оферта мәтініне артықшылық беріледі.	5.6. Настоящая Оферта составлена на казахском и русском языках, имеющих равную юридическую силу. В случае разногласий между языками предпочтение будет отдаваться тексту Оферты, составленному на русском языке.

Қазақша	Русский
6. Орындаушының деректемелері	**6. Реквизиты Исполнителя**
Атауы: «Qamqor Pay» ЖШС Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 247А үй БСН: 240840030297 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі есептік тіркеу нөмірі: 02-26-223 ЖСК (IBAN): KZ06998CTB0001762803 БСК: TSESKZKA Банк: «Alatau City Bank» АҚ Веб-сайт: https://koina.kz/ Электрондық пошта: info@koina.kz Телефон: +7 708 766 90 40 Директор: Ракымжанов Ж.М.	Наименование: ТОО «Qamqor Pay» Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Розыбакиева, дом 247А БИН: 240840030297 Номер учетной регистрации в Национальном Банке Республики Казахстан: 02-26-223 ИИК (IBAN): KZ06998CTB0001762803 БИК: TSESKZKA Банк: АО «Alatau City Bank» Веб-сайт: https://koina.kz/ Электронная почта: info@koina.kz Телефон: +7 708 766 90 40 Директор: Ракымжанов Ж.М.